

2018

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
АҚ ЕБ «Сбербанк»

МАЗМҰНЫ:

3

1. «Сбербанк» АҚ ЕБ Басшылығының үндеуі:

- «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесі Төрағасының үндеуі
- «Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының үндеуі

6

2. «Сбербанк» АҚ ЕБ туралы ақпарат:

- Сбербанк Тобы
- «Сбербанк» АҚ ЕБ Тарихы
- 2018 жылдың негізгі оқиғалары

10

3. «Сбербанк» АҚ ЕБ Корпоративтік басқару жүйесі:

- Ұйымдастырушылық құрылымы
- Директорлар кеңесі
- Өндірістік құрылым
- Басқарма

20

4. 2018 жылдың нәтижелері бойынша қаржылық көрсеткіштер:

- Қаржы-экономикалық көрсеткіштер
- ХКЕС бойынша баланс құрылымына сараптама

31

5. 2018 жылдағы қызмет туралы есеп:

- Операциялық қызмет
- Банктік сектор
- Бөлшек бизнес
- Корпоративтік бизнес
- Филиалдық желі
- Ақпараттық технологиялар
- Маркетингтік белсенділік
- Қатер-Менеджменті
- Әлеуметтік жауапкершілік
- Қызметкерлер
- Даму перспективалары

52

6. «Сбербанк» АҚ ЕБ Қаржылық есебі

57

7. Қосымша ақпарат:

- Негізгі бизнес-контакттер
- «Сбербанк» АҚ ЕБ Деректемелері

1 «Сбербанк» АҚ ЕБ Басшылығының үндеуі

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті акционерлер, клиенттер және әріптестер!

2018 жылыдың нәтижелері бойынша «Сбербанк» АҚ ЕБ Қазақстанның активтер бойынша екінші ең үлкен қаржы институтына айналғанын қуана хабарлаймын, осының нәтижесінде ұлттық нарықтың даму қарқыны екі есеге артты. Сбербанктің табысы 2018 жылы 3 есеге артып, 41,2 млрд. теңгені құрады. Сбербанктің сенімділігі мен тұрақты дамуы Fitch Ratings халықаралық агенттігінің "BB+"/ «Жағымды» болжам рейтингін растайды. Жеткен нәтижелерімізді мен мақтан тұтамын, біз даму стратегиясында белгіленген мақсаттарды орындадық. Сбербанк Қазақстанның бүкіл командасына және әр қызметкерге жеке алғыс білдіремін.

Біз, осы қалпымыздан таймай, қызмет көрсету сапасын үнемі арттырып отыратын боламыз. Осылайша 2018 жылы жеке тұлғаларға банктің сайты және мобильді қосымша арқылы онлайн-режимде кредиттер беруді бастадық, смартфонның көмегімен сауданы жанасусыз төлем мүмкіндігін ұсындық, төлем карталарына офиске келмей онлайн-тапсырыс беру мен жеткізуді қолжетімді еттік, сақтандыру өнімдерін сатуға кірістік.

Сбербанк Қазақстан белсенді клиенттер санын бір жыл ішінде 15%-ға арттыра отырып, корпоративтік бизнесті дамытуда айтарлықтай ілгеріледі. Біз шағын және орта бизнес сегментінен клиенттер тартуға көңіл бөлдік, мұндағы кредиттік және депозиттік портфель 2 есеге артты. Банк онлайн-келіліліктер, онлайн-валюталық келісімшарттар, онлайн-овердрафттар мен FX-платформасын іске қосты.

Сбербанк банктік сектордың цифрлік трансформациясы

барысында алда болуға ұмтылады. Біздің мақсатымыз - клиенттеріміздің уақытын үнемдеу, сондықтан банктің бөлшек өнімдері мен қызметтерінің 70%-на онлайн-режимде қолжетімділікті қамтамасыз етуді ойға алдық. 2019 жылы банк корпоративтік клиенттерге арналған өнімдік желіні дамытуды және бұрынғыдан да тиімдірек, клиенттің іс-қимылына талдау негізінде жасап шығарылаған, жекешелендірілген өнімдерді ұсынуды жоспаралап отыр.

Шағын және орта бизнес саласында біздің клиенттеріміз 20-ға жуық жаңа қашықтықтан ұсынылатын қызметтер түріне қолжеткізеді, сондай-ақ Ресейде танымал болған «Эвотор» смарт-терминалдарын сатып ала алады. Осындай сервистердің арқасында, клиенттер өз қызметтерін тиімді жүргізе алады. Біз сондай-ақ Қазақстан мен Ресей бизнес-құрылымдары арасындағы трансшекаралық операцияларды жүргізу жылдамдығын арттыруды ойлап отырмыз. Сбербанк Қазақстан да Ресей Сбербанкі секілді барған сайын кредиттік ұйымнан өз экожүйесіне ие технологиялық компанияға айналуға. Бұл бізге үлкен жауапкершілік артады, сонымен қатар бізді клиенттерімізге жақын етеді.

Мен біздің банкті таңдағаны үшін әр клиентімізге жеке алғысымды білдіремін. Біз бизнесті тиімді жүргізу үшін әр күн өзімізге биік мақсаттар қоямыз, ең заманауи банктік қызметтер мен сервистерді ұсынамыз.

Құрметпен,
«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесінің Төрағасы
Коломейский И.Б.



«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕҮІ

Құрметті клиенттер, серіктестер және әріптестер!

2018 жылдың нәтижелері бойынша Сбербанк қаржылық көрсеткіштердің қарқынды өсімін көрсетті. Банк активтерінің көлемі бойынша 2 орын алды, сондай-ақ біз Банктің таза табысын 41,2 млрд. теңгеге жеткізіп, үш есеге арттырдық.

Мұндай нәтижелерге ең алдымен мықты әрі кәсіби қызметкерлер командасының арқасында, сондай-ақ клиенттердің сенімі мен қолдауы арқасында қол жеткіздік. Бүгінде Сбербанктің 43,2 мыңнан астам корпоративтік клиенттері және 2 млн. жуық бөлшек блок клиенттері бар. Мен Банкіміз Қазақстан экономикасының ажырамас бөлігіне айналды деп сенімділікпен айта аламын. Бұл ретте Сбербанк - клиенттерге қызметтерді бес тілде ұсынатын жалғыз қазақстандық банк болып табылады: қазақ, орыс, ағылшын, түрік және қытай. Арнайы осы үшін біз International Desk бөлімін құрдық, ол осымен бес жыл бойы халықаралық компанияларға сәтті қызмет көрсетіп келеді.

Технологиялар – біз үнемі инвестиция салатын басты бағыттардың бірі. Инновациялық технологияларды дамытуды біз екі деңгейде жүргізуді ойлап отырмыз: біріншісі – бұл өндірісті арттыру; екіншісі – бұл жоғары технологияларды қолданып, жаңа өнімдер енгізу. Сондықтан, біз өнімдерге онлайн-сервисер арқылы 24/7 қолжетімділік жүйесін қалыптастыруды жалғастырудамыз.

Банктің негізгі капиталы болып кәсіпқой, нәтижеге қол жеткізгісі келетін, өршіл және іс барысына толығымен берілетін, талантты, тиімді қызметкерлер болып табылады және

солай болып қала береді. Өз кезегінде, Банк өзінің қызметкерлерінің жұмысы үшін барынша ыңғайлы жағдайлар жасауға тырысады. Болашағы зор мамандарды тарту және қабілетін ашуға бағытталған корпоративтік мәдениетті қалыптастыру клиенттерге қызмет көрсетудің жоғары сапасының кепілі болып табылады.

Бүкіл Сбербанк ұжымына ұйымшыл және жемісті қызметі үшін, ал клиенттеріміз бен серіктестерімізге қолаулары мен шабыт бертені үшін алғыс білдіргім келеді!



Құрметпен,
«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы
А.И. Камалов.

2 «Сбербанк» АҚ ЕБ туралы ақпарат

СБЕРБАНК ТОВЫ

Бүгінде Сбербанк – Ресейдегі ең ірі банк және ғаламдық жетекші қаржы институттарының бірі. Сбербанктің үлесіне ресейдің бүкіл банк секторы активтерінің үштен бір бөлігі кіреді. Сбербанк ұлттық экономика үшін негізгі кредитор болып табылады және салымдар нарығының ауқымды үлесіне ие. Сбербанктің қызметтерін әлемнің 22 елінде 145 миллионнан астам клиенттер пайдаланады. Банк Ресейдегі ең ауқымды филиалдық желіге ие: 15 мыңнан астам қызмет көрсету орындары бар. Банктің шетелдік желісі Ұлы Британия, АҚШ, ТМД, Орталық және Шығыс Еуропа, Үндістан, Қытай және өзге де елдердегі еншілес банктерден, филиалдардан және өкілдіктерден тұрады.

МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Біздің міндеттеріміз

- Біз адамдарға сенімділік және батылдылық береміз, олардың өмірлерін жақсартамыз, талпынысы мен армандарын іске асыруға көмектесеміз

Біздің құндылықтарымыз

- Біздің құндылықтарымыз – өмір мен еңбекке деген қарым-қатынас негізі, күрделі жағдайларда шешім қабылдауға көмек көрсететін ішкі компас, әрдайым және барлық жерде берік ұстанатын қағидаттарымыз
- Бізге кез келген жағдайда дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін бағыттар



Мен – көшбасшымын

- Мен өзім үшін және айналамызда болып жатқан жағдайлар үшін жауаптымын
- Мен өзіме, әріптестеріме және клиенттерге адамын
- Мен қолымнан келгеннің ең жақсысын жасау арқылы өзімді, біздің Банкті және айналамды жетілдіремін



Біз командамыз

- Біз ортақ нәтиже үшін жұмыс істей отырып, бір-бірімізге қуана көмектесеміз
- Біз әріптестерімізге өсуге және дамуға көмектесеміз
- Біз ашықпыз, әріптестерімізді құрметтейміз және бір-бірімізге сенім білдіреміз



Бәрі - клиент үшін

- Біздің бүкіл қызметіміз клиенттердің мүдделері үшін және соның аясында.
- Біз клиенттерімізді қызмет сапасымен және қарым-қатынасымызбен таң қалдырғымыз және қуантқымыз келеді
- Біз клиенттеріміздің үміттерін артығымен ақтаймыз

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ ҚАЗАҚСТАН

Қазақстандағы «Ресей Сбербанк» Акционерлік Қоғамы Еншілес Банкінің тарихы 2006 ж. соңында ресейлік қаржы жүйесінің флагманы, Орталық және Шығыс Еуропаның аса ірі қаржы институты Сбербанк России ТексакаБанктің 99,99% акциясын сатып алуынан басталады. Банктер тарапынан ұлттық және шетел валютасында жүзеге асырылатын банктік және өзге де операциялар жүргізуге Банк 2007 жылы лицензия алды. «Сбербанк» АҚ ЕБ әлемнің аса ірі банктерімен байланыс орнатқан, сондай-ақ экономиканың түрлі салаларында қызмет ететін клиенттермен және серіктестермен жұмыс істеуде үлкен тәжірибеге ие. Бүгінде «Сбербанк» АҚ ЕБ:

- Халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 13 жыл табысты жұмыс істеп келеді, активтерінің көлемі бойынша 2-орын және депозиттер көлемі бойынша ҚР ЕДБ арасында 2-орынды алады;
- Қазақстан нарығындағы ірі шетелдік банк болып табылады;
- Кең ауқымды өнімдері мен қызметтері бар әмбебап Банк;
- Мемлекетпен серіктестікте жұмыс істейді, Қазақстан экономикасының негізгі инвесторы және кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар бойынша көшбасшысы болып табылады.
- 91 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 17-сі – филиал. Банктің Орталық офісі Алматы қаласында орналасқан.

«Сбербанк» АҚ ЕБ-нің сенімділігі мен тұрақты дамуын Fitch рейтингтері дәлелдейді

Fitch Ratings Халықаралық рейтингтік агенттігі 2018 жылдың желтоқсанында Банктің "BB+" рейтингін растады/ болжам «Оң».



Біздің марапаттарымыз бен жетістіктеріміз



«Ең инновациялық банк»

Орталық және Шығыс Еуропаның бөлшек банктері арасында Global Finance журналының халықаралық жүлдесі



Сбербанк Онлайн Қазақстанның банктік мобильдік қосымшалары арасында 2 орын алды.

Қазақстандық интернет-бизнес және мобильді коммерция қауымдастығының (ҚИБК) және Intervale Kazakhstan компаниясының жыл сайынғы "Қазақстанның Top-30 мобильді қосымшалары" рейтингінің нәтижелері бойынша

2018 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

2018 жылы біз Қазақстан нарығындағы екінші
аса ірі Банкке айналдық.



41,2
МЛРД. ТЕНГЕ



нарықта
#2
орын

Біз Қазақстанда жұмыс жасаған уақыт ішіндегі
максималды таза табыс көлеміне жеттік

3 Корпоративтік Басқару

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ-нің КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ ЖАЛПЫ АКЦИОНЕРЛЕР ЖИНАЛЫСЫ

Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жоғарғы органы болып табылады. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1. Банк Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
2. Корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
3. Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
4. Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
5. Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сонымен қатар оларды өзгерту;
6. Банктің қарапайым акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылдау;
7. Орналастырылған бір түрдегі акцияны екінші түрдегі акцияға айырбастау туралы шешім қабылдау, осылай айырбастау талаптары мен тәртібін анықтау;
8. Есептік комиссия өкілеттіктерінің мерзімін және сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
9. Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар, Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздерінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шыққан шығындарын өтеудің мөлшері мен талаптарын анықтау;
10. Банк аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымды анықтау;
11. Жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
12. Есептік қаржылық жылға Банктің таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір қарапайым акциясына дивиденд мөлшерін бекіту;
13. Банктің қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
14. Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
15. Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыстау (алу) жолымен өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне Банктің қатысуы немесе өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
16. Акционерлерге Банктің Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру жөнінде хабарлау формасын анықтау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
17. «Акционерлік қоғамдар туралы» заңға сәйкес акциялардың құнын оларды ұйымдастырылмаған нарықта Банк сатып алған кезде анықтау әдістемесіне енгізілген өзгертулерді бекіту (егер құрылтай жиналысында бекітілмесе, әдістемені бекіту);
18. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
19. Акционерлерге Банк қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін анықтау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
20. Директорлар кеңесінің қызметін және Банктің акционерлер жиналысын өткізу тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
21. Нәтижесінде банктің құны банк активтерінің баланстық құнының елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлкі меншіктен шығарылатын (шығарылуы мүмкін) аса ірі мәмілені банктің жасауы туралы шешім қабылдау;
22. Шешім қабылдау банктің ішкі нормативтік құжаттарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Банк Жарғысына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер.

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ ЖАЛПЫ АКЦИОНЕРЛЕР ЖИНАЛЫСЫ

2018 жылы өткізілген Банктің жалпы акционерлер жиналысы аясында келесідей мәселелер қарастырылды

1. 2017 жыл бойынша "Сбербанк" АҚ ЕБ жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы;
2. 2017 жыл бойынша таза кірісті үлестіру тәртібін және "Сбербанк" АҚ ЕБ бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту туралы;
3. Акционерлердің "Сбербанк" АҚ ЕБ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы;
4. 2018 жылға "Сбербанк" АҚ ЕБ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу туралы;
5. "Сбербанк" АҚ ЕБ Жарғысын жаңа редакцияда бекіту туралы;
6. "Сбербанк" АҚ ЕБ Корпоративтік басқару кодексіне өзгертулерді бекіту туралы;
7. "Сбербанк" АҚ ЕБ Директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгертулерді бекіту туралы;
8. "Сбербанк" АҚ ЕБ Директорлар кеңесі өкілеттілігінің мерзімін анықтау туралы.

2018 жылы 27 сәуірде өткізілген, Жылдық жалпы акционерлер жиналысында 2017 жылдың нәтижелері бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылданды.

31.12.2018 ЖЫЛҒЫ

«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі - Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретінен тұратын мәселелерді шешуді қоспағанда, Банк қызметіне жалпы басшылық ететін Банк органы.

№	Аты-жөні	Туылған жылы	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ-дегі атқаратын лауазымы	Соңғы үш жылда атқарған лауазымдары
1	Коломейский Игорь Борисович (АҚ құрамына 28.04.2017 ж. сайланды; АҚ Төрағасы болып 28.04.2017 ж. сайланды)	1971	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесінің Төрағасы	2017 ж. бастап Сбербанк ЖАҚ Аға вице-президенті, Сбербанк ЖАҚ «Sberbank International» Блогының басшысы
2	Лвдееенко Наталья Николаевна (АҚ құрамына 25.04.2014 ж. сайланды) (АҚ мүшесінің тегі Н.Н. Лазаревадан Н.Н.Лвдееенкоға ауысты)	1970	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі мүшесі	2019ж.бастап 2017 ж. дейін — Басқарушы директор, Сбербанк ЖАҚ «Халықаралық операциялар» Блогының басшылығы 2017 ж. бастап — Сбербанк ЖАҚ «Sberbank International» Блогы Корпоративтік даму және қызмет нәтижелілігі басқармасының Аға Басқарушы директоры 2016 ж. бастап - «БПС-Сбербанк» АҚ Қадағалау кеңесінің мүшесі 2017 ж. бастап - «Сбербанк» АҚ Кеңесі Мүшесі (Украина)
3	Анашкин Григорий Михайлович (АҚ құрамына 24.04.2015 ж. сайланды)	1969	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі мүшесі	2015 ж. бастап - Сбербанк ЖАҚ, «Қаржы» Блогының басшылығы, Шетелдік банктер бойынша Аға Басқарушы директор 2015 ж. бастап — «БПС-Сбербанк» АҚ Қадағалау кеңесінің мүшесі 2017 ж. бастап — Sberbank Europe A.G. Қадағалау кеңесінің мүшесі 2017 ж. бастап — «Сбербанк» АҚ Директорлар кеңесі мүшесі (Украина)
4	Аханов Серик Ахметжанович (АҚ құрамына 11.10.2017 ж. сайланды)	1951	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі мүшесі - тәуелсіз директор	2015 ж. бастап - Директорлар кеңесі мүшесі - «АТФ Банк» АҚ тәуелсіз директоры; 2015 ж. бастап 2018 ж. дейін - Директорлар кеңесі мүшесі - «СК «Казкоммерц-Полис» АҚ тәуелсіз директоры; 2016 ж. бастап - Қазақстан қаржыгерлер ассоциациясы, Кеңес Мүшесі, Кеңестің Құрметті Төрағасы, Еңбек сіңірген қаржыгер
5	Ашурков Алексей Анатольевич (АҚ құрамына 28.04.2017 ж. сайланды)	1972	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі мүшесі	2016 ж. бастап — Аға Басқарушы директор, Сбербанк ЖАҚ «Қатерлер» Блогының басшылығы 2017 ж. бастап — Қадағалау кеңесінің мүшесі, Қатерлер бойынша Комитет мүшесі, «БПС-Сбербанк» АҚ 2016 ж. бастап — «Денизбанк Москва» АҚ Директорлар кеңесі мүшесі 2018 ж. бастап «Сбербанк» АҚ Кеңесі Мүшесі (Украина)
6	Барчугов Павел Сергеевич (АҚ құрамына 28.04.2017 ж. сайланды)	1973	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі мүшесі	2017 ж. бастап — Аға Басқарушы директор - Сбербанк ЖАҚ, Корпоративтік шешімдер және қызмет нәтижелілігі басқармасының директоры 2014 ж. бастап — Қадағалау кеңесі Төрағасының Орынбасары, «БПС-Сбербанк» АҚ 2016 ж. бастап — DenizBank A.Ş Директорлар кеңесі мүшесі 2017 ж. бастап — DenizBank A.G Қадағалау кеңесінің мүшесі 2017 ж. бастап — Sberbank Europe A.G. Қадағалау кеңесінің мүшесі
7	Звягинцев Денис Александрович (АҚ құрамына 26.12.2007 ж. сайланды)	1977	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі мүшесі - тәуелсіз директор	2014 ж. бастап - «Российская государственная академия интеллектуальной собственности» ЖКБ ФМББМ «Қылмыстық құқық және үдеріс» кафедрасының менеджерісі 2014 ж. бастап 2017 ж. дейін - «Запсибинтерстрой» Қаржы-құрылыс компаниясы ЖШҚ - Директорлар Кеңесінің мүшесі
8	Исенғалиев Бахытжан Изтлеуович (АҚ құрамына 25.11.2011 ж. сайланды)	1950	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі мүшесі - тәуелсіз директор	2008 ж. бастап 2017 ж. дейін - «ПетроКазахстан» АҚ Вице-Президенті 2011 ж. бастап — «ДОМ» ҚР Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы
9	Александр Ильясевич Камалов (АҚ құрамына 14.11.2012 ж. сайланды)	1974	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі мүшесі	2012 ж. бастап - «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы
10	Ситнов Владимир Вячеславович (АҚ құрамына 28.04.2017 ж. сайланды)	1979	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі мүшесі	2013 ж. бастап 2018 ж. дейін — «Сбербанк России» АҚ Самара қ. Поволжье банкінің Төрағасы 2018 ж. бастап — Сбербанк ЖАҚ Аға Вице-президенті

«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер кіреді:

1. Банк қызметінің басым бағыттарын және Банктің даму стратегиясын анықтау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда Банктің даму жоспарын бекіту;
2. Банк Жарғысының талаптарын сақтай отырып, акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін анықтау, акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалатын күнді анықтау;
3. Акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдау;
4. Орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды Банктің сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
5. Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
6. Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелер бекіту;
7. Банктің туынды бағалы қағаздарын және облигацияларын шығару шарттарын анықтау, сонымен қатар, оларды сатып алу туралы шешім қабылдау;
8. Атқарушы органның өкілеттіктері мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның жетекшісін және мүшелерін сайлау, сонымен қатар, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
9. Атқарушы орган жетекшісінің және мүшелерінің лауазымдық жалақысы мөлшерін және еңбекақы төлемі мен сыйақы беру шарттарын анықтау;
10. Ішкі аудит қызметінің өкілеттіктері мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның жетекшісін және мүшелерін тағайындау, сонымен қатар, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйақы мөлшерін және оларды төлеу шарттарын анықтау;
11. Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілетті мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар, корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы беру шарттарын анықтау;
12. Қаржылық есептілікке аудит жүргізгені үшін аудиторлық ұйымның, сонымен қатар, бағалаушының Банктің акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарық құнын бағалау жөніндегі қызметтерінің мөлшерін анықтау;
13. Банктің Жарғысымен, Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен Директорлар Кеңесінің құзыретіне жатқызылған Банктің ішкі қызметін реттейтін (Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы органның қабылдайтын құжаттарынан басқа) құжаттарды бекіту, операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелерді бекіту, оның ішінде банк тәуекелдерін және меншікті капиталды басқару, резервтік капиталды пайдалану жөніндегі құжаттарды, сонымен қатар, аукцион мен Банктің бағалы қағаздарына жазылу жүргізу талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі нормативтік құжаттарды, басқа да ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
14. Банктің филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
15. Басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесін) Банктің сатып алуы туралы шешім қабылдау;
16. Акцияларының он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Банкке тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қызмет мәселелері жөнінде шешім қабылдау;
17. Меншікті капитал мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын ауқымда Банк міндеттемелерін ұлғайту;
18. Қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
19. Шешім Банк Жарғысына сәйкес жалпы акционерлер жиналысында қабылданатын аса ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және Банк мүдделі болатын мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
20. Банктің Бюджетін, бизнес-жоспарларын және бизнес-жоспарларының орындалуы туралы есептерді бекіту;
21. Директорлар кеңесінің алдын ала мақұлдауы талап етілетін банктік операциялардың және басқа мәмілелердің тізбесін және маңыздылық деңгейін бекіту;
22. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша сырттай (немесе ашық құпия) дауыс беруді жүргізу үшін бюллетеньдер формасын анықтау;
23. Банктің бухгалтерлік есеп саясатын анықтау;
24. Мерзімділігі, мазмұны және ұсынылу тәртібі Банктің Директорлар кеңесімен анықталатын Банк Басқармасы Төрағасының есептерін тыңдау.
25. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын, осы Жарғымен және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен қарастырылған басқа да мәселелер.

2018 жылы Банктің Директорлар кеңесінің 44 мәжілісі (ашық және сырттай түрде) өткізілді.

«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің комитеттері және олардың функциялары

«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар мәселелері жөніндегі комитеті — Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы Банктің стратегиялық мақсаттарын (Даму стратегиясын) тұжырымдау мәселелері бойынша, соның ішінде орта және ұзақ мерзімді перспективада Банк қызметінің тиімділігін арттыруға, Банктегі тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйелерінің қызметіне мониторинг жүргізуге, ҚР заңнамасына сәйкес Банктің Директорлар кеңесіне анық және уақтылы басқарушылық есептілік пен ақпаратты ұсынуға, сонымен қатар Банктің кадрлар саясаты мен Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Банк Басқармасына, Корпоративтік хатшыға сыйақы төлеу мәселелері бойынша Банктің басым бағыттарын анықтау мәселелері бойынша ұсыныстар жасауға мүмкіндік беретін іс-шараларды дайындау мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылған.

«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің ішкі аудит мәселелері бойынша комитеті — Банктің Директорлар кеңесімен берілген өкілеттіктері аясында корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен ішкі және сыртқы аудит қызметін бақылау жүйелері жұмысының тиімділігін бақылауды жүзеге асыру мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлейді.

«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің әлеуметтік мәселелер бойынша комитеті - Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы Банктің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жүйесін қалыптастыру және әрекет етуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу мақсатында құрылған.

Директорлар кеңесі мүшелерінің 2018 жылғы сыйақысы

Сыйақы

92,9 млн. теңге

Жыл ішіндегі жұмыстар нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйлықақы беру Банктің қолжеткізген қаржылық нәтижесіне қарай, сондай-ақ ҚР заңнамасы нормасы мен талаптарын басшылыққа ала отырып жүзеге асырылады

«Сбербанк» АҚ ЕБ ӨНДІРІСТІК ҚҰРЫЛЫМЫ



Банкке қатысты Digital transformation: 2018 жылы бөлшек бизнес және IT блоктарының ұйымдастырушылық құрылымы жетілдірілді.

«Сбербанк» АҚ ЕБ БАСҚАРМАСЫ



Камалов Александр Ильясович

«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма
Төрағасы



Тенизбаев Ельдар Амантаевич

«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма
Төрағасының Орынбасары



Акимов Алексей Владимирович

«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма
Төрағасының Бөлшек бизнес жөніндегі
Орынбасары



Аманов Денис Александрович

АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының
Орынбасары



Тасқаранов Нурсұлтан Габдиль-
Мажитович

«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма
Төрағасының Орынбасары

Атқарушы органның 2018 жылдағы сыйлықақы мөлшері.

Сыйақы

1 129,8 млн. теңге

Жыл ішіндегі жұмыстар нәтижелері бойынша атқарушы органға сыйлықақы беру Банктің қолжеткізген қаржылық нәтижесіне қарай, сондай-ақ ҚР заңнамасы нормасы мен талаптарын басшылыққа ала отырып жүзеге асырылады.

Дивидендтер	Қарапайым акциялар саны	1 акцияны орналастыру құны, теңге	Жарғылық капитал, миллион теңгеде
2017 жылғы «31» желтоқсандағы жағдай бойынша	12 839 114	4,011	51 500
2018 жылғы «31» желтоқсандағы жағдай бойынша	12 839 114	4,011	51 500

Әр қарапайым акция бір дауыс беру құқығын және дивидендтер алу құқығын береді. Барлық акциялар теңгеде көрсетілген.

«Сбербанк» АҚ ЕБ БАСҚАРМАСЫ



Камалов Александр Ильясович
«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы

Туылған жылы: 1974 ж.
Соңғы үш жылдағы еңбек тәжірибесі: 2012 жылдан бастап Басқарма Төрағасы



Тенизбаев Ельдар Аманзаяевич
«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма төрағасының орынбасары

Туылған жылы: 1984 ж.
Соңғы үш жылдағы еңбек тәжірибесі: 2013 жылдан бастап Басқарма Төрағасының Орынбасары



Акимов Алексей Владимирович
«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Бөлшек бизнес жөніндегі Орынбасары

Туылған жылы: 1976 ж.
Соңғы үш жылдағы еңбек тәжірибесі: Бұған дейін Бөлшек сауда жөніндегі Басқарушы Директор лауазымын атқарған және 2016 ж. бастап Басқарма Төрағасының Орынбасары лауазымын атқарады



Аманов Денис Александрович
«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының орынбасары

Туылған жылы: 1980 ж.
Соңғы үш жылдағы еңбек тәжірибесі: 2013 жылдан бастап Басқарма Төрағасының Орынбасары



Тасқаранов Нурсултан Габдиль-Мажитович
«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының орынбасары

Туылған жылы: 1978 ж.
Соңғы үш жылдағы еңбек тәжірибесі: 2012 жылдан бастап Басқарма Төрағасының Орынбасары

4 Қаржылық көрсеткіштер

2018 ж. нәтижелері бойынша
«Сбербанк» АҚ ЕБ
қаржы-экономикалық көрсеткіштер

ТАЗА
ТАБЫС



ТАЗА
ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС



ОПЕРАЦИОНАЛЬҚ КІРІС
резервтерге дейін



ТАЗА
КОМИССИОНАЛЬҚ КІРІС



ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР

2018 жылы пайыздық кіріс елеусіз мөлшерде артып, 150,7 млрд. теңгені құрады.

Жұмыстағы активтердің орташа табыстылығы өткен жылмен салыстырғанда 0,8 пайыздық пунктке төмендеп, 10,6% құрады.

Есептік кезең ішіндегі кредиттік портфельдің табыстылығы 12,4% құрады.

Пайыздық кірістер	2018		2017		Өсім	
	млн. теңге	үл.салм.	млн. теңге	үл.салм.	%	абс.
Клиенттерге кредиттер мен аванстар	133 633	88,7%	122 481	81,4%	9,1%	11 152
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздар	10 797	7,2%	-	0,0%	0,0%	10 797
Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық құнды қағаздар	-	0,0%	17 322	11,5%	-100,0%	-17 322
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	4 447	3,0%	9 392	6,2%	-52,7%	-4 945
Кредиттік мекемелердегі қаражаттар	1 115	0,7%	894	0,6%	24,7%	221
Амортизацияланған құны арқылы есептелетін инвестициялық құнды қағаздар	474	0,3%	-	0,0%	0,0%	474
Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялық құнды қағаздар	-	0,0%	448	0,3%	-100,0%	-448
Кері «репо» шарттары	100	0,1%	22	0,0%	354,5%	78
Сауда бағалы қағаздары	127	0,1%	-	0,0%	0,0%	127
Пайыздық кірістер жиыны	150 693	100%	150 559	100%	0,1%	134
	2018			2017		
млн.теңге	Орташа қалдықтар	Пайыздық кірістер	Орташа табыстылық, %	Орташа қалдықтар	Пайыздық кірістер	Орташа табыстылық, %
Активтер						
Ақша қаражаттары мен баламалары	143 997	4 447	3,1%	108 386	9 392	8,7%
Өзге банктердегі қаражаттар	15 377	1 215	7,9%	9 841	916	9,3%
Клиенттерге кредиттер мен аванстар	1 074 454	133 633	12,4%	960 431	122 481	12,8%
Бағалы қағаздар	185 568	11 398	6,1%	239 453	17 770	7,4%
Жұмыстағы барлық активтер	1 419 396	150 693	10,6%	1 318 109	150 559	11,4%

ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫНДАР

2018 жылы пайыздық шығындар 2017 жылмен салыстырғанда 7,2%-ға, яғни 5,3 млрд. теңгеге артып, есептік үні 78,8 млрд. теңгені құрады.

Клиенттердің тартылған қаражаттары бойынша шыққан шығынының үлесі 83,7% құрады, яғни өткен жылға қарағанда 4,2%-ға артты.

Шығарылған облигациялар бойынша шығындар үлесі 5,3% құрады (2017 жылы 7,3%). Банк қаражаттары бойынша шығындар 1 424 млн. теңгеге артып, үлесі 10,4%-ды (2017 жылы 13,1%) құрады.

Пайыздық шығындар	2018		2017		Осу қарқыны	
	млн. теңге	үл.салм.	млн. теңге	үл.салм.	%	абс.
Жеке тұлғалардың мерзімді салымдары	-42 961	54,5%	-36 499	49,7%	17,7%	-6 462
Корпоративтік клиенттердің мерзімді салымдары	-20 796	26,4%	-19 737	26,9%	5,4%	-1 059
Кредиттік мекемелердің қаражаттары	-8 220	10,4%	-9 644	13,1%	-14,8%	1 424
Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар	-4 208	5,3%	-5 331	7,3%	-21,1%	1 123
Корпоративтік клиенттердің және жеке тұлғалардың ағымдық шоттары	-2 166	2,7%	-2 115	2,9%	2,4%	-51
Бағалы қағаздармен «репо» шарттар	-420	0,5%	-124	0,2%	238,7%	-296
Пайыздық шығындар жиыны	-78 771	100%	-73 450	100%	7,2%	-5 321

млн. теңге	2018			2017		
	Орташа қалдықтар	Пайыздық шығындар	Орташа құны, %	Орташа қалдықтар	Пайыздық шығындар	Орташа құны, %
Міндеттемелер						
Кредиттік мекемелердің қаражаттары	158 067	8 640	5,5%	151 956	9 768	6,4%
Клиенттердің қаражаттар	1 407 658	65 923	4,7%	1 309 236	58 351	4,5%
Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар	52 671	4 208	8,0%	62 101	5 331	8,6%
Барлық ақылы пассивтер	1 618 396	78 771	4,9%	1 523 292	73 450	4,8%

ТАЗА КОМИССИЯЛЫҚ КІРІС

Банктің таза комиссиялық кірісі 7,3%-ға немесе 1,5 млрд. теңгеге өсті және 2019 жылғы 1 қаңтарда 21,7 млрд. теңгені құрады. Комиссиялық кірістің негізгі сомасы есеп айырысу-кассалық операциялар мен төлем карталарымен жүргізілген операциялар бойынша комиссиялардан тұрады.

2018 жылы есеп айырысу-кассалық операциялар бойынша алынған комиссиялық кіріс өткен жылмен салыстырғанда 0,8 млрд. теңгеге, төлем карталары бойынша 4,0 млрд. теңгеге өсті.

млн.теңге	2018 жыл	2017 жыл	өзгеріс, %	өзгеріс, абс.
Комиссиялық кірістер	31 341	25 797	21,5%	5 544
Төлем карталарымен операциялар	11 254	7 224	55,8%	4 030
Есеп айырысу операциялары	7 825	7 179	9,0%	646
Кассалық операциялар	4 530	4 385	3,3%	145
Пакеттік ұсыныстар	2 109	851	147,8%	1 258
Шетел валютасымен операциялар	1 806	1 806	0,0%	-
Берілген кепілдіктер	1 781	1 578	12,9%	203
Агенттік қызметтер	678	73	828,8%	605
Құжаттамалық есеп-айырысулар	260	1 656	-84,3%	-1 396
Басқа	1 098	1 045	5,1%	53
Комиссиялық шығындар	-9 676	-5 597	72,9%	-4 079
Таза комиссиялық кіріс	21 665	20 200	7,3%	1 465

ПАЙЫЗСЫЗ КІРІС

млн.теңге	2018 жыл	2017 жыл	өзгеріс, %	өзгеріс, абс.
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздардың танылуын тоқтату нәтижесіндегі кірістер	169	-	0,0%	169
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздармен операциялар бойынша шығындарды шегеріп тастағандағы кірістер	-	366	-100,0%	-366
Шетел валютасындағы операциялар бойынша және туынды қаржы құралдары бойынша кірістер	26 453	13 436	96,9%	13 017
Мемлекеттік субсидиялардан кіріс	1 144	-	0,0%	1 144
Амортизацияланған құны арқылы есептелетін қаржылық активтердің бастапқы танылуы нәтижесіндегі таза шығындар	-297	-	0,0%	-297
Өзге де кірістер	933	2 144	-56,5%	-1 211
Өзге де шығындар	-1 310	-2 411	-45,7%	1 101

Банктің пайызсыз кірістері 100,2%-ға артып, 13,6 млрд. теңгені құрады. Шетел валютасындағы операциялар бойынша және туынды қаржы құралдары бойынша кірістер 2018 жылы 13,02 млрд. теңгеге өсті.

ОПЕРАЦИОНАЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

Банктің есеп беру кезеңіндегі операциялық шығындары 17,7%-ға немесе 7 097 млн.теңгеге артты және 2019 жылғы 1 қаңтарда 47,2 млрд. теңгені құрады.

Өсім әкімшілік-шаруашылық шығындардың 4 705 млн. теңге (өткен жылмен салыстырғанда +7,4%), қызметкерлерге шығындардың 1 093 млн.теңгеге (өткен жылмен салыстырғанда +5,0%), негізгі құралдардың амортизациясы бойынша шығындар 1 201 млн. теңгеге немесе +25,9%-ға артуына байланысты орын алды.

млн.теңге	2018 жыл	2017 жыл	өзгеріс, %	өзгеріс, абс.
Қызметкерлерге шығындар	22 803	21 710	5,0%	1 093
Кіріс салығынан басқа салықтар	1 088	1 013	7,4%	75
Әкімшілік-шаруашылық шығындар	14 458	9 753	48,2%	4 705
Негізгі қаражаттардың амортизациясы	5 846	4 645	25,9%	1 201
Салымдарды кепілдендірілген сақтандыру бойынша шығындар	2 955	2 932	0,8%	23
Барлық операциялық шығындар	47 150	40 053	17,7%	7 097

ХҚЕС бойынша «Сбербанк» АҚ ЕБ БАЛАНСЫ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ТАЛДАУЫ

Активтер

2018 жылы Банк активтері 7,7%-ға немесе 133 млрд. теңгеге өсіп, 01.01.2019 жылы - 1 870 млрд. теңгені құрады.

Кредиттік портфель 01.01.2019 жылы 1 120,2 млрд. теңгені құрады. Бір жылдағы өсім 91,6 млрд. теңгені немесе 8,9% құрады. Банктің жиынтық активтеріндегі кредиттік портфельдің үлесі 59,9%-ды құрады.

Ақшалай қаражат пен олардың баламалары 18,2%-ға немесе 77,7 млрд. теңгеге өсті және 505 млрд. теңгені құрады. Есеп берілген күнгі активтердегі ақшалай қаражаттың үлесі 27%-ды құрады.

Банктің жиынтық активтеріндегі басқа банктердегі қаражатының үлесі өткен кезеңмен салыстырғанда 0,1%-ға өсіп, 17,6 млрд. теңгені құрады.

2018 жылғы бағалы қағаздар портфелі 21,6%-ға немесе 45 млрд. теңгеге қысқарып, 01.01.2019 ж. 163 млрд. теңгені құрады.

Активтер	2018		2017		Осу қарқыны	
	млн. теңге	үл.саам	млн. теңге	үл.саам	абс.	%
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	505 008	27,0%	427 325	24,6%	77 683	18,2%
Өзге банктердегі қаражаттар	17 634	0,9%	13 120	0,8%	4 514	34,4%
Туынды қаржы құралдары	-	0,0%	17	0,0%	-17	-100,0%
Клиенттерге кредиттер мен аванстар	1 120 232	59,9%	1 028 676	59,2%	91 556	8,9%
Инвестициялық бағалы қағаздары:	163 070	8,7%	208 066	12,0%	-44 996	-21,6%
Ағымдық корпоративтік кіріс салығы бойынша активтер	-	0,0%	377	0,0%	-377	-100,0%
Негізгі қаражаттар	30 964	1,7%	32 062	1,8%	-1 098	-3,4%
Материалды емес активтер	16 312	0,9%	15 905	0,9%	407	2,6%
Басқа активтер	17 105	0,9%	11 785	0,7%	5 320	45,1%
Активтер жиыны	1 870 325		1 737 333		132 992	7,7%

КЛИЕНТТЕРГЕ КРЕДИТТЕР

Өткен жылы кредиттік портфель брутто 86,1 млрд. теңгеге немесе 7,3%-ға өсті, оның ішінде:

- заңды тұлғалардың кредиттік портфелі 1%-ға немесе 8,5 млрд. теңгеге төмендеді;
- жеке тұлғалардың кредиттік портфелі 30,6%-ға немесе 94,6 млрд. теңгеге өсті;

	2018		2017		Өсу қарқыны	
	млн. теңге	үл.салм.	млн. теңге	үл.салм.	абс.	%
ЗТ Кредиттері	865 941	68,2%	874 461	73,9%	-8 520	-1,0%
ЖТ Кредиттері	403 490	31,8%	308 920	26,1%	94 570	30,6%
Кредиттік портфель жиыны, брутто	1 269 431		1 183 381		86 050	7,3%
Кредиттік портфельдің күнсыздануы жағдайына резерв	-149 199		-154 705		5 506	-3,6%
Кредиттік портфель жиыны, нетто	1 120 232		1 028 676		91 556	8,9%

2018 жыл ішінде негізгі кредиттеу секторлары келесілер болды:

	2018		2017		Өсім
	млн. теңге	үл.салм.	млн. теңге	үл.салм.	млн. теңге
Жеке тұлғалар үшін тұтынушылық, тұрғын үй және автокредиттер	403 490	31,8%	308 920	26,1%	94 570
Сауда	226 008	17,8%	237 711	20,1%	-11 703
Өндіріс	218 626	17,2%	187 735	15,9%	30 891
Қызметтер	126 416	10,0%	136 305	11,5%	-9 889
Көлік	90 868	7,2%	83 134	7,0%	7 734
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	77 874	6,1%	81 798	6,9%	-3 924
Тау-кен өнеркәсібі	49 523	3,9%	59 068	5,0%	-9 545
Құрылыс	45 436	3,6%	33 330	2,8%	12 106
Луыл шаруашылығы	23 134	1,8%	20 606	1,7%	2 528
Білім беру саласы	5 598	0,4%	4 262	0,4%	1 336
Жанармай-энергетикалық пайдалы қазбаларды өндіру	1 515	0,1%	29 888	2,5%	-28 373
Басқасы	943	0,1%	624	0,1%	319
Кредиттік портфель жиыны	1 269 431		1 183 381		86 050

МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Банктің 2018 жылғы міндеттемелері 7,8%-ға немесе 123 млрд. теңгеге артты. Негізгі өсу көзі заңды және жеке тұлғалардың қаражаттарын тарту болып табылады.

2018 жылы кредиттік мекемелердің қаражаттары 2,4%-ға немесе 3,7 млрд. теңгеге артып, 159,9 млрд. теңгені құрады. Бір жыл ішінде заңды тұлғалардың қаражаттары 7,7%-ға немесе 48,5 млрд. теңгеге артты, жеке тұлғалардың қаражаттары 9,9%-ға немесе 71,4 млрд. теңгеге артты. Керісінше, шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар портфелі 6,3%-ға немесе 3,5 млрд. теңгеге төмендеді.

	2018		2017		Өсу қарқыны	
	млн. теңге	үл.саалм.	млн. теңге	үл.саалм.	абс.	%
Кредиттік мекемелердің қаражаттары	159 935	9,4%	156 199	9,9%	3 736	2,4%
Корпоративтік клиенттердің қаражаттары	676 096	39,9%	627 561	39,9%	48 535	7,7%
Жеке тұлғалардың қаражаттары	791 546	46,7%	720 113	45,8%	71 433	9,9%
Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар	50 944	3,0%	54 397	3,5%	-3 453	-6,3%
Кейінге қалдырылған корпоративтік кіріс салығы бойынша міндеттемелер	2 477	0,1%	7 077	0,4%	-4 600	-65,0%
Өзге де міндеттемелер	15 251	0,9%	7 919	0,5%	7 332	92,6%
Міндеттемелер жиыны	1 696 249		1 573 266		122 983	7,8%

КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАРАЖАТТАРЫ

Клиенттердің қаражаттары міндеттемелер көлемінің 86,5% құрайтын үлес салмағымен банктің негізгі қор көздері болып табылады.


01.01.2019 ж. клиенттердің қаражаттары 1 467,6 млрд. теңгені құрап, 8,9%-ға немесе 119,97 млрд. теңгеге ұлғайды, оның ішінде:

- корпоративтік клиенттердің қаражаттары бойынша – 7,7%-ға немесе 48,5 млрд. теңгеге;
- жеке тұлғалардың қаражаттары бойынша – 9,9%-ға немесе 71,4 млрд. теңгеге.

Клиенттік ресурстар нарығындағы Банктің үлесі заңды тұлғалар бойынша 7,0%-дан 8,0%-ға, жеке тұлғалардың қаражаттары бойынша 8,5%-дан 8,7%-ға артты.

	2018		2017		Өсім	
	млн. теңге	үл.салм.	млн. теңге	үл.салм.	абс.	%
Корпоративтік клиенттер						
Ағымдық шоттары	310 497	45,9%	274 053	43,7%	36 444	13,3%
Мерзімдік депозиттер	365 599	54,1%	353 508	56,3%	12 091	3,4%
Корпоративтік клиенттердің қаражаттары	676 096	46,1%	627 561	46,6%	48 535	7,7%
Жеке тұлғалар						
Ағымдық шоттары	119 625	15,1%	94 593	13,1%	25 032	26,5%
Мерзімді салымдар	671 921	84,9%	625 520	86,9%	46 401	7,4%
Жеке тұлғалардың қаражаттары	791 546	53,9%	720 113	53,4%	71 433	9,9%
Клиенттердің қаражаттар	1 467 642		1 347 674		119 968	8,9%

Корпоративтік клиенттердің қаражаттарын экономика салалары бойынша бөлу төмендегідей көрініс табады:



ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШКЕРЛІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

31.12.2018 ж. жағдай бойынша борышкерлік бағалы қағаздар жылдық 6,90%-11,00% сыйақы мөлшерлемесімен және 2019-2021 ж.ж. өтеу мерзімімен теңгеге ірілендіріп реттелген ҚҚБ облигацияларының төрт эмиссиясымен берілді.

2018 жылы Банк ТХВ№6 субординацияланған облигацияларының жоспарлы өтелуін жүзеге асырды, сондай-ақ 16 млрд. теңге мөлшерде өтеу күні 25.03.2019 жылыға дейінгі Sberb9 купондық облигацияларын шығарды.

Шығарылған облигациялардың баланстық құны 2018 жылғы 31 желтоқсанда 50,12 млрд. теңгені, 2017 жылғы 31 желтоқсанда 53,56 млрд. теңгені құрады.

2018 жылы Банк ХҚЕС 9 стандартынан сәтті өтті. Меншікті капиталдың жеткілікті болу коэффициентінің мәні бұл жағдайда пруденциалды мәндерден жоғары. Субординацияланған кредит тарту қажет болмады.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайға сәйкес 12 838 826 шығарылған акциялар (99,99%) Иегер компанияға тиесілі.

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДЫҢ ЖЕТКІЛІКТІГІ

	2019 жылғы 1 қаңтар	2018 жылғы 1 қаңтар	Өсу қарқыны	
	млн. теңге	млн. теңге	абс.	%
Жарғылық капитал	51 500	51 500	0	0,00%
Бөлінбеген пайда	79 925	70 645	9 280	13,1%
Басқа	28 452	38 798	-10 346	-26,67%
Капитал жиыны	159 877	160 943	-1 066	-0,66%

	Реттеу нормативтері	2019 жылғы 1 қаңтар	2018 жылғы 1 қаңтар
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті k1-1	min 7,0%	11,5%	12,0%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті k1-2	min 8,5%	11,5%	12,0%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті k2	min 10,0%	11,6%	12,8%

5

2018 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТ туралы
есеп

ОПЕРАЦИОНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ


«Сбербанк» АҚ ЕБ ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ НАРЫҚТАР ТАЛДАМАСЫ 2018 ЖЫЛЫ ОРЫН АЛҒАН МАКРО ЖӘНЕ МИКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Экономика саласында 2018 жыл түрлі оқиғаларға толы болды – теңге бағамының күрт өзгеруі, «Астана» Халықаралық қаржы орталығының ашылуы, БЖЗҚ қаражаттарының басқарушы компанияларға берілуі, негізгі қазақстандық экспортқа бағаның артуы, сауданың кеңеюі, инвестициялар көлемінің өсуі. 2018 жылы қазақстандық теңге өзінің 25 жылдығын атап өтті.

2018 жылдың нәтижелері бойынша шынайы ЖІӨ өсімі 4,1%-ды құрады. ЖІӨ өсімінің негізгі драйверлері: тау-кен өндірісі және бөлшек сауда. Негізгі капиталға инвестициялар экономиканы дамытуда басты рөл атқаруын жалғастырды. 2018 жылдың 12 айы ішінде олардың көлемі 17,2%-ға артты.

Өнеркәсіптік өндіріс көлемі 2018 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында ағымдық бағада 27,6 трлн. теңгені құрады, бұл 2017 жылға қарағанда 4,1%-ға артық. Инфляцияның жылдық көрсеткіші 5,3%-ды құрады, баға азық-түлік тауарларына 5,1%-ға, тағамдық емес тауарларға 6,4%-ға, ақылы қызметтерге 4,5%-ға артты. Елдің халықаралық резервтері 01.01.2019 ж. жағдай бойынша 88,6 млрд. АҚШ долларын, оның ішінде Ұлттық банктің алтынвалюталық активтері 30,9 млрд. долларын, Ұлттық қордың шетелдік валютадағы активтері 57,7 млрд. АҚШ долларын құрады. Мемлекеттік бюджетке түсімдер 10,9 трлн. теңгені құрады, негізінен мұнай секторы ұйымдарынан. Республикалық бюджетке түсімдер 8,9 трлн. теңгені құрады. 01.01.2019 ж. жағдай бойынша кепілдіктер мен кепілгершіліктерді есептегендегі мемлекеттік қарыз 16 трлн. теңгені құрап, 2018 жылдың басындағыдан 14,7%-ға артты.

2018 ж. шынайы ЖІӨ динамикасы



- 2018 жылы ЖІӨ физикалық көлемінің динамикасы алдыңғы жылмен салыстырғанда бәсеңдеді (2017 жылдағы +4%-ға +1% жылдық өсім). 2018 жылы экономика дамуына ең үлкен үлесті тау-кен өнеркәсібі (өндіріс көлемі 4,6%-ға артты), өңдеуші өнеркәсіп (4%-ға), көтерме және бөлшек сауда (7,6%-ға), көлік және қойма ісі (4,6%-ға), жылжымайтын мүлікпен операциялар (2,7%-ға) қосты;
- ЖІӨ өсіміне негізгі үлесті таза экспорт пен жалпы жинақ қоры қосты, бұл әлемдік шикізат нарығындағы баға конъюнктурасының жақсаруымен және негізгі капиталдың жинақталуымен байланысты.
- Үй шаруашылығы шығындарының өсіміне тұтынушылық кредиттеудің артуы мен жылдық инфляцияның бірте-бірте бәсеңдеуі себепші.

БАНКТИК СЕКТОР

Банктік секторындағы ойыншылар санының қысқаруы жалғасуда. 2018 жылы ҚР ҰБ екінші деңгейлі үш банктің лицензияларын қайтарып алды. 2018 жылдың басты оқиғалары ретінде елдің аса ірі банктерінің бірігуі мен Forte Bank-тің KassaNova-ның бүкіл акциялар пакетін сатып алуын атауға болады. Жалпы алғанда нарықтағы ойыншылар санының қысқару ықтималы әлі де бар. Алайда нарықта жаңа ойыншылардың пайда болуы екіталай.

Банктік секторда негізгі драйвер, бұрынғыдай, бөлшек кредиттеу болып табылады: экспресс-кредиттер, кепілсіз заемдар және бөліп төлеу карталары. Бұл сектор 2018 жылы ипотекалық кредиттеу бойынша бірқатар мемлекеттік бағдарламалардың арқасында біраз жанданды. Заңды тұлғаларды қаржыландырудың негізгі көзі мемлекеттік бағдарламалар болып қала беруде. 2018 жылы ЗТ кредиттері бойынша орташа мөлшерлеме теңгеде 12,5%-ды және ЕАБ-да 5,4%-ды құрады, ЖТ кредиттері бойынша 18,7%-ды және ЕАБ-да 15,6%-ды құрады. 2018 жылдың соңында ҚРҰБ базалық мөлшерлемені проинфляциялық катерлердің күшеюіне байланысты 9%-дан 9,25%-ға көтерді.

2018 жылдың маңызды оқиғаларының бірі Apple Pay және Android Pay жанасусыз төлем жүйелерінің іске қосылуы болып табылады. Apple Pay еліміздегі алты банкте іске қосылды. Қазақстан – Apple компаниясы жүйесі іске қосуға рұқсат берген әлемдегі отызыншы ел. Банктер қолма-қол ақшасыз төлемдерді арттыруға жағдай жасауды және қашықтан қызмет көрсету үшін жаңа мүмкіндіктер іздеуді жалғастыруда.

Банктер осы секторда бәсекеге қабілеттілікті сақтау мақсатында бизнес процесстерді цифрландыруды дамытуға инвестиция құюда. Отандық банкингті дамытудағы негізгі трендтердің бірі Big data жүйесінің енгізілуі болып табылады, ол болашақта банктерге өнімдер жасап шығаруда клиенттерге жеке ыңғай табуға мүмкіндік береді.

«Сбербанк» АҚ ЕБ несиелік портфелінің динамикасы
мрд. тенге




2018 жылы банктік сектордың несиелік портфелі көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 1,3%-ға артты. Өсімнің басты драйвері үй шаруашылығы мен тұтыну деңгейінің артуына орай бөлшек кредиттеудің артуы болды. Проблемалық активтердің көп бөлігін бұрынғыдай ЗТ кредиттері құрайды. Бұл ретте 90 күннен астам уақытқа мерзімі кешіктірілген кредиттер үлесі проблемалық заемдарды өндіріп алу нәтижесінде 19,7%-ға қысқарды.

Бөлшек бизнестің белсенді дамуы, сондай-ақ процесстерді оңтайландыру мен ұсынылатын сервис сапасын арттырудың арқасында «Сбербанк» АҚ ЕБ несиелік портфелі көлемі 2018 жылы 9,8%-ға артты.

01.01.2019 ж. жағдай бойынша аса ірі 10 банктің жиынтық несиелік портфелі 86,9%-ды құрады, бұл банктік сектордағы жоғары концентрация деңгейін көрсетеді.


2018 жылы «Сбербанк» АҚ ЕБ Қазақстан экономикасының басты салаларын белсенді кредиттеуді жалғастырды. Кредиттік портфель құрылымы кредиттеудің жалпынарықтық құрылымы аясында жасалған, бұл ретте басты назар өнеркәсіпті,

2017-18 ж.ж. активтері бойынша ТӨП-10 ЕДБ несиелік портфелінің нарықтық үлесі динамикасы



сауданы, құрылыс пен көлік саласын кредиттеуге бөлінеді. Нақты секторды кредиттеу Қазақстан экономикасының дамуына қолдау көрсету бойынша Сбербанк саясатының бір бөлігі болып табылады.

«Сбербанк» АҚ ЕБ тартылған қаражаттарының динамикасы
мрд.тенге



2018 жылдың нәтижелері бойынша сектордағы жалпы салымдар көлемі 2,2%-ға артты. Негізгі өсім ЖТ депозиттеріне тиесілі (+7%). Сектордағы қор базасын долларландыру деңгейін төмендету бойынша реттеушінің белсенді жұмыстары арқасында сектордағы шетелдік валютадағы салымдар үлесі 47,6%-дан 46,8%-ға төмендеді.

2017-18 ж.ж. активтері бойынша ТӨП-10 ЕДБ депозиттер
нарығындағы үлесі динамикасы



Клиенттердің Банкке білдірген сенімі нәтижесінде «Сбербанк» АҚ ЕБ-дегі ЖТ және 3Т салымдарының жиынтық көлемі 2018 жылы 2017 жылымен салыстырғанда 10,1%-ға артты. 3Т салымдарының көлемі 11,2%-ға, ЖТ салымдары 9,2%-ға артты.

Активтер көлемі, несиелік портфельі және клиенттер салымдарының көлемі бойынша Банк Қазақстандағы ең ірі шетелдік банк болып табылады.

Банк несиелік портфелі құрылымын жасауда жалпыға ортақ трендтерге сүйене отырып, өсу қарқыны жоғары салаларға басты назар аударады.

Экономика салаларын кредиттеу басымдылығын анықтау кезіндегі негізгі факторлар:

- Өнеркәсіптік және құрылыс секторларымен жұмыс аталмыш салалардағы кәсіпорындардың Сбербанк қызметіне деген сенімін дәлелдейді, сонымен қатар қалыптастырылған серіктестік қарым-қатынас арқасында тұрақты ақшалай ағынды ұзақ мерзімді перспективада қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

- Өнеркәсіптік секторды дамыту аясында экономиканы индустриаландыру мен дамытудың басым бағдарламаларына кіретін өңдеу өнеркәсібі салаларын кредиттеуге айрықша көңіл бөлінеді. Өңдеу өнеркәсібінің салаларын кредиттеу ағымдағы экономикалық және тұтынушылық тенденцияларды қамтиды: отандық тамақ өнімдерін тұтыну өсімі, құрылыстың сақталған жоғарғы қарқынына байланысты құрылыс және қаптайтын материалдарға деген сұраныс, металлургиялық өнеркәсіп өнімдеріне деген сыртқы сұраныс.

- Ауыл шаруашылығы, дәстүрлі түрде, сонымен қатар ТМД

аясындағы орын алған иелік тәжірибесіне байланысты, ақшалай қаражатты орналастырудың ең тәуекелді бағыттарының бірі болып табылады. Осыларға байланысты Банк аталмыш салаларға салымдарын шектейді. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама іске қосылмайынша, Банк үшін аталмыш сектор инвестициялық тартымдылығы төмен, тәуекелі жоғары сегмент болып қала бермек.

- Банк үшін маңызды басымдықтардың бірі көлік саласындағы жұмыс болуы мүмкін. Шикізат тауарларына бағаны тұрақтандыру мен қазақстандық экспорт тауарларына сұранысты бірте-бірте арттыру экономиканың осы сегментін кредиттеудің жандануына көмектеседі.

Осындай әдіс-тәсіл Сбербанктің ЕДБ нарығындағы орнын мықтап бекітуге мүмкіндік береді, сондай-ақ қаржы нарығы мен экономиканың нақты секторы арасындағы қарым-қатынастың синергетикалық потенциалын жүзеге асыруға көмектеседі.

БӨЛШЕК БИЗНЕС

- 2018 ж. нәтижелері бойынша белсенді клиенттер саны 147 мың адамға немесе 15%-ға артты.
- 2018 жылы бөлшек бизнестің несиелік портфелі өсімі 32,1%-ды құрады, бұл өз кезегінде нарық бойынша өсімнен 1,8 есе артық.
- Бөлшек блоктың несиелік портфелі 2018 ж. нәтижелері бойынша 369 млрд. теңгені құрады, жеке тұлғалардың кредиттерін сату кезінде – 228млрд тг. құрады, соның ішінде:
 - Тұтынушылық заемдар бойынша кредиттер портфелі 2017 жылмен салыстырғанда 50%-ға артып, 195,9 млрд. тг. құрады.
 - Автокредиттер бойынша портфель 2017 жылмен салыстырғанда 18%-дан астамға өсіп, 35,7 млрд. теңгені құрады.
 - Ипотекалық заемдар бойынша кредиттер портфелі 2017 жылмен салыстырғанда 16%-ға артып, 137,3 млрд. теңгені құрады.
- 2018 ж. нәтижелері бойынша кредиттер бойынша нарықтағы үлесі 7,6 %-ды құрады.
- 2018 жылдың қорытындысы бойынша тартылған қаражат қалдығы 9,1%-ға ұлғайды, бұл нарықтарғы өсімнен 1,4 есе көп.
- 2018 ж. нәтижелері бойынша төлем карталары эмиссиясының өсімі 319 мың картаны құрады.
- 2018 жылдың 4 тоқсанында онлайн өнімдер үлесі 8,4%-ға жетті.
- Сбербанк Онлайнды белсенді қолданушы клиенттер саны 62%-ға артып, 298 мың адамға жетті.

Бөлшек бизнестегі нәтижелерге келесі іс-шаралар мен бағдарламалардың арқасында қолжеткізілді:

Кредиттеу:

- Кредиттер бойынша шешім қабылдау уақыты қысқартылды:
 - 5 мин. дейін - кепілсіз кредиттер мен қатер деңгейі төмен кредиттік карталар
 - 45 мин. дейін - кепілдендірілген кредиттер (алдын-ала шешім)
- Қаражат беру уақыты қысқартылған:
 - автокредит 7 күннен 1 күнге
 - кепілдендірілген кредиттер 14 күннен 7 күнге
 - кепілсіз кредит: сол күні клиент картасына
- Автокредит, Ипотека, Шұғыл қажеттіліктерге арналған өнімдер бойынша шарттар жақсартылған.
- Кепілсіз кредиттер мен автокредиттер бойынша процесстер оңтайландырылған
- Сбербанк Онлайнда тіркелусіз карта шығаруға және кредитке өтініш беру мүмкіндігі іске қосылған .
- Кепілсіз кредиттерді онлайн беру процессі іске қосылған
- «7-20-25» тұрғын үй ипотекалық мемлекеттік бағдарламасы бойынша кредиттеу іске қосылған.
- «Баспана Хит» Нарықтық ипотекалық өнімі іске қосылған

Бөлшек бизнестегі нәтижелерге келесі іс-шаралар мен бағдарламалардың арқасында қолжеткізілді:

Digital және төлем карталары

- Карталарды әп-сәтте шығару іске қосылды (7 минут)
- Дебеттік карталарды Алматы және Астана қ. клиенттің мекенжайына жеткізу іске қосылған
- Балалар картасы іске қосылған
- Cashback қосылған және қолма-қол ақша алу, карта шығару, оған қызмет көрсету, сондай-ақ Банктің карталарына ақша аударымы үшін комиссиялық толық алынып тасталған «Sberbank All in» флагмандық карталық өнім енгізілді
- Банктердің арасында бірінші болып Apple pay қосымшасын және Android-та смартфондармен төлем жасау үшін Sberbank Pay қосымшасын іске қосты
- Футболдан әлем чемпионатына лайықталған FIFA карталық өнімі шығарылды
- Өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғылары жаңа интерфейске көшірілді
- Сбербанк Онлайнда жаңа дизайн жасалды
- VIP-клиенттер үшін Сбербанк Онлайн жасалды
- АТТ, Сбербанк Онлайн арқылы кредитті мерзімінен бұрын өтеу енгізілді
- Төлем картасын бұғаттау себебін Сбербанк Онлайнда хабарлау мүмкіндігі жүзеге асырылды
- Lamoda ко-брендтік төлем картасы іске қосылды
- Сбербанк Онлайнда төлем карталарына ақша аудару үшін алынатын комиссия мөлшері көрсетіледі
- Банктің Visa Platinum және Visa Infinite карталарын ұстаушы Lounge Key бағдарламасы бойынша әуежайлардың бизнес-залдарына тегін кіре алады
- Төлем картасының деректемелерін Өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғысы арқылы алу мүмкіндігі жүзеге асырылған
- СБОЛ-да деректемелер бойынша банкішілік ақша аударымдары іске қосылған
- АТТ-да қазақ тілі қосылған
- АТТ-да кредит туралы ақпаратты СМС-пен растау арқылы алу мүмкіндігі енгізілген
- Салым бойынша шартты СБОЛ арқылы электронды поштаға жіберу мүмкіндігі қосылған

Өзге де комиссия салынатын өнімдер

- Сенімгерлік кредиттер беру аясында өмірді және еңбек қабілетін сақтандыру енгізілген
- «Жеке заңгер» қашықтан заңгерлік сүйемелдеу сервисі жүзеге асырылған
- Шетелге шығушыларды сақтандыру бойынша Банк серіктерінің платформасында онлайн-сервис жүзеге асырылған
- Премьер және Сбербанк Бірінші клиенттері үшін Қазақстан нарығындағы айрықша жаңа өнім - «Золото Номадов» жинақтаушы сақтандыру бағдарламасы іске қосылған

КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС

2018 жылы Сбербанк ел экономикасын 892,8 млрд. теңге мөлшерінде қаржыландырды.

«Бизнесінің жол картасы - 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында жалпы сомасы 511,43 млрд. теңгені құрайтын 1 846 жоба мақұлданды.

2018 жылы белсенді корпоративтік клиенттердің саны 15,5%-ға артып, 45 мыңнан астам компанияны құрады.

Сбербанк қашықтықтан қызмет көрсету арналарын дамытуға ерекше көңіл бөлуде. 2018 жылдың нәтижелері бойынша заңды тұлғалардың интернет-офис жүйесі арқылы жүзеге асырған төлемдерінің саны жалпы төлемдер санының 97,5%-ын құрады.

2018 жылдың маңызды оқиғалары:

ДБ АО «Сбербанк» АҚ ЕБ – Қазақстан Республикасының ірі шетелдік институционалдық инвесторы. Қазақстандағы шетелдік ЕДБ арасында Сбербанк қаржыландыру көлемі бойынша бірінші болып табылады. Иегер Банктің қолдауы және Сбербанк тобының синергиясы кейінгі 5 жылда да шетел банктері арасындағы көшбасшылық позициясы сақталады деп айтуға мүмкіндік береді.

«Қазақмыс корпорациясы», «Қазақалтын ТМК» АҚ, «Прима дистрибьюшн» ЖШС, «Полимер Продакшн» ЖШС және «Маслодел» ЖШС сияқты Қазақстанның маңызды компаниялары қаржыландырылды. Сбербанк түрлі даму институттары («Даму» ҚДҚ, «Қазақстан Даму Банкі» (ҚДБ) және т.б.) қатысатын мемлекеттік бағдарламалардың көбінің белсенді қатысушысы болып табылады.

«БЖК 2020» бағдарламасы аясында Қостанай қаласында қарақұмық жармасын өндіру зауытының құрылысы қаржыландырылып, диірмен кешені іске қосылды, «Павлодар» АЭЛ аумағында қосындыланған ОҚО-да жеміс-көкөніс сақтау қоймасын салуды қаржыландыру алюминий өндірісі ұйымдастырылды, Рудный қ. көп профилді медициналық орталық соғылып, жабдықтандырылды, «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағында минералды тыңайтқыштар өндірісінің қуаттылығы арттырылды.

Атап айтқанда, Ірі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру бағдарламасы бойынша ҚДБ «Қарат» ЖШС-ін (диірменге арналған жабдық және макарон өнімдерін шығаруға арналған, өнімділігі 1000 кг/сағ болатын автоматтандырылған желі сатып алуға) және «Шымкентмай» АҚ-ын (өсімдік майын рафинациялау цехінің құрылысына және жабдық сатып алуға) қаржыландырды.

Сбербанк коммерциялық банктердің бірі болып «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша қаржыландыруды бастады. Қарағандыда Сбербанктің қолдауымен «Комфортный дом» көп пәтерлі тұрғын үй кешені салынды. Банк үй құрылысын аяқтау үшін «Eurasia Building» компаниясын 500 миллион теңгеге қаржыландырды. Бұған дейін Сбербанктің қолдауымен Ақтөбеде және Қызылордада тұрғын үйлер салынған болатын. Атырау, Орал және Шымкент қалаларында 8 мың ш.м. астам тұрғын үй құрылысы жүргізілуде.

Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау аясында қаржыландыру бағдарламасы:

- Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында «Сбербанк» АҚ ЕБ қосымша 4,1 млрд. теңгеге қаражат алды, бағдарламаның жалпы көлемі 7,6 млрд. теңгені құрады;
- Бағдарлама аясында «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ 19,5 млрд. теңгеге қаражат алды;
- «Даму аймақтары III» ШОКС аймақтық басым жобаларын қаржыландыру бағдарламасы аясында «Сбербанк» АҚ ЕБ «Даму» ҚДҚ» АҚ-нан қосымша 4,5 млрд. теңге мөлшерінде қаражат алды, бағдарламаның жалпы көлемі 18,8 млрд. теңгені құрады;
- Шағын жеке және орта жеке кәсіпкерлік субъектілерін аймақтық қаржыландыру бағдарламасы аясында «Сбербанк» АҚ ЕБ «Даму» ҚДҚ» АҚ-нан қосымша 1,3 млрд. теңге мөлшерінде қаражат алды;
- Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу бағдарламасы аясында «Сбербанк» АҚ ЕБ «Даму» ҚДҚ» АҚ-нан қосымша 3,2 млрд. теңге мөлшерінде қаражат алды, бағдарламаның жалпы көлемі 16,9 млрд. теңгені құрады;

Халықаралық бизнес:

- Құжаттамалық операциялардан және қаржы институттарымен сауда қаржыландыру мәмілелерінен комиссиялық кіріс 2018 жылы 335,2 млн теңгені құрады;
- Шетелдік қаржы институттарымен «KazakhstanExport» ЭСК» АҚ сақтандыруы арқылы сауда қаржыландыру бойынша жалпы сомасы 359,1 млн. рубльге 31 мәміле жасалды ;
- «KazakhstanExport» ЭСК» АҚ-ның «экспорт алды қаржыландыру» бағдарламасы аясында 14 мәмілеге жалпы сомасы 2 731,7 млн. теңгеге қаржыландыру ұсынылды, 3 жаңа клиент тартылды: "Шымкентмай" АҚ, "Кайнар-АКБ" ЖШС, «Казгипроцветмет» ЖШС;
- Жаңа 11 қаржы институтымен банкаралық нарықтағы операциялар туралы бас келісімдер, ISDA келісімдері мен корреспонденттік шоттар (Лоро) ашу туралы шарттар жасалды;
- Сбербанк ЖАҚ-мен «Сбербанк» АҚ ЕБ-ін Sberbank FINLINE ақшалай есеп айырысу жүйесіне қосу туралы келісім жасалды.

Қазіргі сәтте Банкте келесі өнімдерден тұратын, корпоративтіа бизнеске арналған өнімдік желі әрекет етеді:

- Корпоративтік кредиттеу — заемшының ағымдық қызметін қаржыландыру, сондай-ақ бизнесті кеңейту және жаңалау, 3 жылға дейінгі мерзімде заемды өтеу ағымдағы қызметтен түсетін ақша ағымы есебінен жүргізіледі;
- Овердрафт — ағымдағы қызметті жүзеге асыру мақсатында, заемшының шотында қаржы уақытша болмаған жағдайда, оның шұғыл төлемдерін жүзеге асыру үшін қаржыландыру, заемды өтеу 12 айға дейінгі мерзіммен ағымдағы қызметтен түсетін ақша ағымы есебінен жүзеге асырылады.
- Келісімшарттық кредиттеу — заемшының ағымдағы қызметі аясындағы келісімшарттар бойынша шығынын 3 жылға дейінгі мерзімге осы келісімшарттар орындалу барысында түсетін ақша қаражатының қамтамасыз етуімен қаржыландыру. Өнім екі бағыт бойынша бөлінеді — сауданы және жұмыс/қызмет саласын қаржыландыру.
- Ақшаның кепілсалымына кредит беру — заемшының қызметі мақсаттарына ақшалай қаражат (ағымдағы немесе жинақ шоттарында орналастырылған) кепілсалымымен 3 жылға дейінгі мерзімге заемшыларға қаржы беру.
- Жобалық қаржыландыру — заемшының инвестициялық жобалары аясында қаржыландыру, заемды өтеу 10 жылға дейінгі мерзімде қаржыландырылған жобадан түсетін ақша ағымы есебінен жүргізіледі.
- Құрылыс жобаларын қаржыландыру. Өнім екі бағытқа бөлінеді — тұрғын жылжымайтын мүлік құрылысын қаржыландыру және коммерциялық жылжымайтын мүлік құрылысы. Қаржыландыру талаптары мен заемшыға қойылатын талаптар құрылыс саласына қатысты заңнама ерекшеліктерін және құрылыс саласына төн ерекшеліктерді ескере отырып құрылған.
- Кредиттік желілер аясында кез келген мақсаттарға, соның ішінде конкурстарға/ тендерлерге қатысуға, шарттар бойынша міндеттемелердің орындалуы, аванстық төлемдерді қайтару үшін

корпоративтік клиенттерге арналған банктік кепілдіктері.

2018 жылдың екінші тоқсанында Корпоративтік бизнес «ММБ кредиттік процессін автоматтандыру» (FCO ЛЖ-де) бойынша аса ірі жобаны іске қосты, өнеркәсіптік іске қосу 2019 жылдың бірінші тоқсанының соңына жоспарланған.

Жобаның міндеті ММБ кредиттік процессін оңтайландыру және 100% автоматтандыру болып табылады:

- Бұрын барлық сұрақ түрлері бойынша қолданылған, құрылымдалған мәліметтерді сақтау;
- Ішкі және сыртқы дерек көздерімен бірігу, талдаудың жекелеген кезеңдерін автоматтандыру;
- Кредиттік құжаттаманы автоматты түрде жасап шығару;
- Шешім қабылдау процессін жеделдету үшін қатер-үлгісі мен қатер-ережелерін қолданатын өнімдер конструкторы.

Сбербанктің заңды тұлғаларының несиелік портфелін салалық құрылымдау Қазақстан Республикасы ЖІӨ салалық құрылымдау Тандалған жобалардың сапасы салалық қатерлерді тежеуге мүмкіндік береді. «Сауда» саласындағы аса үлкен үлеске байланысты және «Құрылыс» пен «Ауылшаруашылығы» әлеуетті-проблемалық салаларындағы көлемнің төмендеуіне байланысты «Сауда» саласындағы көлемді төмендету арқылы Сбербанк несиелік портфельді түрлендірді. 2018 жылы «Құрылыс» саласындағы несиелік берешек 5 п.п., «Сауда» саласында 1 п.п. қысқарды Несиелік портфельдің ~30% «Өндеуші өнеркәсіп» саласына тиесілі.

2019 жылы негізгі басым салалар келесілер болады: Өндеуші өнеркәсіп, Көлім және байланыс, Энергетика.

Транзакциялық өнімдер:

- Ағымдағы шоттар ашу, соның ішінде онлайн ашу;
- Ұлттық және шетел валютасындағы ақша аударымы операциялары;
- Қолма-қол ақшамен операциялар;
- Салымдар ашу, соның ішінде онлайн ашу;
- Конверсиялық операциялар, соның ішінде sales desk сервисі және FX платформасы;
- Төлем тапсырмаларын штрих-кодтау;

- Сейфтік сақтау;
- Эскроу-шоттар ашу;
- Сбербанк Бизнес Онлайн қашықтан қызмет көрсету;
- Сбербанк корпорациясы (Cash management);
- Дәстүрлі инкассация, кешенді инкассация;
- Өзін инкассалау;
- Пакеттік ұсыныстар;
- Жалақы жобасы;

- Бизнес-карта;
- Пос-терминал;
- Шотты онлайн резервтеу;
- 3Т/ЖК үшін мобильді банкинг;
- Смарт терминал;
- Эквайринг;
- Валюталық бақылау;
- Электронды чек (АТМ-да 3Т-ның қолма-қол ақша алуы).

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

2018 жылдың нәтижелері бойынша «Сбербанк» АҚ ЕБ мемлекеттік бағдарламаларға қатысу және банктік сектордың технологияларын дамытуға қатысу бойынша көшбасшы мәртебесін кезекті рет растады. Банк «Бизнестің жол картасы 2020» Бизнесі қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында берілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының субсидиялау және кепілдіктер көлемі бойынша ЕДБ арасында көшбасшы болып табылады.

«Қазақстандық коммуналдық жүйелер» тобымен (ҚКЖ) серіктестік туралы меморандумға қол қойылды, ол Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында жылу және электр энергиясын өндіру, жеткізу, өткізумен айналысатын Қазақстандағы ірі, тігінен біріктірілген энергетикалық холдинг. Қол қойылған меморандум аясында Сбербанк Тобының ҚКЖ Тобының жұмысын қаржыландыруы және қаржылық-консультациялық қызмет көрсетуі, оның ішінде инвестициялық- банктік қызмет саласында қызмет көрсетуі қарастырылған.

Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасының 25 жылдығына орай Алматы қаласының Әкімдігі «Сбербанк» АҚ ЕБ қызметкерлерін қаланың экономикалық дамыту бойынша атқарған еңбектері үшін марапаттаған болатын.

«Сбербанк» АҚ ЕБ БҰҰ Даму бағдарламасының халықаралық экологиялық жобасын 3 жылға қаржыландырған алғашқы банкке айналды.

ФИИАЛДЫҚ ЖЕЛІ

01.01.2019 ж. жағдай бойынша Банктің филиалдық желісі 91 бөлімшеден, оның ішінде 17 филиалдан тұрады.

Филиалдық желіні дамыту

Филиалдық желіні дамыту жоспары аясында Банк 2018 жылы 3 жаңа бөлімше, оның ішінде Түркістан қаласында филиал ашты, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қ. филиалдың Операциялық бөлімі қайта форматталды.

Бөлімшелердің жаңа үлгілік форматтарын енгізу жалғасуда, енгізілген форматтар сатылым жүйесі мен клиенттерге мамандандырылған қызмет көрсету алаңдарын жасау арқылы қызмет ұсынуды және түрлі сегменттегі клиенттерге қызмет көрсету процедураларын қозғайды. Банк бөлімшелері банктік қызмет көрсетудің соңғы заманауи стандарттарына жауап береді. Су жаңа банктік технологиялар келіп түскен өтініштерді ең қысқа мерзімде өндеуге, сараптауға және орындауға мүмкіндік береді, операциялық залдардың функционалды инфрақұрылымы клиенттерге қызмет көрсету үшін барынша қолайлы жағдайлар ұсынады.

Банктің филиалдық желісін дамыту бойынша міндеттер:

- филиалдық желіні қарқынды дамыту, банктің облыстық орталықтардағы және аймақтардың өнеркәсіптік орталықтарындағы қызмет аясын кеңейту;
- филиал бөлімшелерінің табысты әрі тиімді жұмысын қамтамасыз ету, ашылған бөлімшелердің орны етелуіне қолжеткізу.

2019-2021 жылдарға арналған Филиалдық желіні дамыту жоспары Сбербанктің қызмет ету географиясын кеңейтуге бағытталған. Осылайша, 27 жаңа бөлім, оның ішінде Сбербанк бұған дейін болмаған қалаларда ашу жоспарланып отыр. Жаңа 27 бөлімнің 9-ын Банк 2019 жылы ашуды жоспарлап отыр.

Клиенттерге қызмет көрсету сапасы

2018 жылы Банк Сапаны басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырды:

- Клиенттедің өтініштерімен орталықтандырылған жұмыс бойынша 2017 жылы енгізілген үлгі фронт-офис қызметкерлерінің уақытын босатуға, клиенттерге жауап әзірлеу сапасын арттыруға мүмкіндік берді.
- Шағым түрлері бойынша жазбаша және ауызша жауаптар әзірлеуде бірыңғай әдіс-тәсіл жасап шығару арқылы клиенттердің шағымдарына жауап әзірлеу жүйесі оңтайландырылды.
- Апта сайын бөлшек бизнестің фронт-офис қызметкерлері CSI және NPS бойынша кейстерге сапалы өңдеу жүргізеді.

Сондай-ақ 2018 жылы төмендегі негізгі іс-шараларды жүзеге асыру арқылы клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша жұмыстар жасалды:

1. Жүйелік проблемаларды анықтау және Банктің жауапты бөлімшелерімен бірге оларды жою бойынша жұмыс атқару.
2. Массалық мамандықтарды және бөлшек бизнес фронты (филиалдар, байланыс орталығы, телемаркетинг) басшыларын сертификаттау бағдарламасына үздік сервис жөнінде оқу бағдарламаларын/роликтер әзірлеу және енгізу.
3. NPS клиенттердің бейімділік индексі арттыру бойынша іс-шаралар жоспарын іске асыру.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

2018 жылдың маңызды оқиғалары:

- Негізгі Ақпараттық жүйелердің масштабталуын арттыру және Time-to-Market қысқарту
- Ресурстарға қойлатын, серверлік ресурстардың бөліну мүмкіндігін қамтамасыз ететін талаптарды стандарттау
- Серверлерді сатып алу құнын қысқарту
- Технологиялар блогын әзірлеу, қолдау, сәулет бөлімшелеріне бөле отырып қайта ұйымдастыру

2019 жылға келесі негізгі жобалардың орындалуы жоспарланған:

- Инженерлік трансформация – Time-To-Market 30%-ға қысқаруы
- ИТ-сервистер мониторингін ұйымдастыру

МАРКЕТИНГТІК САЯСАТ

2018 жылы Сбербанк тарапынан банктік өнімдердің сатылым деңгейін арттыруға, клиентке бағытталушылықты, қызмет көрсету сапасын жоғарлатуға және Сбербанктің жағымды имиджін сақтауға бағытталған бірқатар маркетингтік және PR-бағдарламалар жүзеге асырылды. Келесідей жарнамалық компаниялар да сәтті жүзеге асырылды:

- «Бақытты жұма» акциясы
- «Сенімгерлік кредит» акциясы
- «Кредиттер – бұл оңай» акциясы
- «1% бастап Кредит» акциясы
- Кепілдендірілген кредиттерді қайта қаржыландыру бойынша акция
- «Nomad Black Edition» қартасы бойынша акция
- «Cashback 13%» акциясы
- «Lamoda» акциясы
- «Apple Pay» акциясы
- «Сәтінді жіберіп алма» акциясы
- «Бизнес табыс» акция
- «Жеңіл старт» акциясы
- «Welcome» акциясы
- Астер Автомен автокредиттеу жобасы
- Билет Автомен автокредиттеу жобасы
- «Картаны тегін жеткізу» жобасы

Тікелей Сбербанктің өнімдері мен қызметтерін алға жылжытуға бағытталған маркетингтік іс-шаралардан басқа, стратегиялық маркетинг бағыттарын дамытуға байланысты, түрлі жобалар жүзеге асырылды, олардың арасында халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға, маркетингтік зерттеулер жүргізуге, ұлттық және аймақтық деңгейдегі ВПТ-акцияларын өткізуге негізделген іс-шаралар болды.

ҚАТЕР-МЕНЕДЖМЕНТІ

Банк экономикалық өсудің бәсеңдеуі жағдайында банк қызметіне тән қатерлерді басқаруға маңызды мән береді. Қатерлердерді басқарудың негізгі міндеттері: Банк қатерлерін анықтау, топтастыру, бағалау мен қатерлерді басқарудың тиімді құралдарын анықтау және қолдану, қатерлердің рұқсат етілген деңгейіне лимиттер белгілеу, Банк жүргізетін операцияларға байланысты қатерлерді төмендету және бақылауға мониторинг жүргізу және шара қабылдау.

Банкте Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына, банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті мен аудиторлық компаниялардың ұсыныстарына негізделген қатерлерді бақылау, оларға мониторинг жүргізу және басқару жүйесі қолданылады. Қазіргі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ қатерлерді бақылау аясында Сбербанк тобының біріктіру үдерістеріне қатысуда, қатер-менеджменті саласындағы жобалар белсенді түрде енгізілуде.

Банк өзіне қатерлердің төмендегі түрлерін маңызды деп анықтады: кредиттік, нарықтық, өтімділік қатерлері және операциялық қатер.

КРЕДИТТІК ҚАТЕР

Кредиттік қатерді басқару уәкілетті органдардың талаптарымен, Банктің қатерлерді басқару саясатымен, сонымен қатар, кредиттік қатерді реттеуші ішкі нормативтік құжаттармен анықталады. Банк жүргізетін заемдық операцияларға байланысты кредиттік қатерлерді бағалауға және талдауға тәуелсіз тәсіл қолдану қатерлерді басқару негізіне алынған.

- Кредиттік қатерлерді төмендету мақсатында, Банк өз қызметінде төмендегі негізгі әдістер мен әдістемелерді қолданады:
- Заемшыларды қаржыландыру талаптарын белгілеу/өзгерту кезіндегі орталықтандырылған, автоматтандырылған, алқалы шешімдерді қабылдау;
- Лимит белгілеу арқылы кредиттік қатерді шектеу;
- Шешім қабылдау процедураларындағы скорингтік үлгілерді қолдану;
- Байқалаушы қатер-метрикаларын бекіту және мониторинг;
- Жеке тұлғалардың кредиттері бойынша soft-collection процесстерін автоматтандыру;
- Кредиттік портфель динамикасы мен сапасын талдау, кредиттік портфель қатерлерін төмендету үшін іс-шаралар әзірлеу;
- Пруденциалды нормативтер мен бастапқы мәннің сақталуына мониторинг;
- Заемшының, кепіл мүлкінің қаржылық жағдайына тұрақты негізде мониторинг жүргізу.

Экономика салалары бойынша кредиттік портфель құрылымы

Бүгінгі күні Банкте экономика салалары тұрғысында кредиттік портфель бойынша қатерлерді шоғырландыру үшін қолайлы деңгейді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін лимит жүйесі қолданылады. 2019 жылғы 1 қаңтарда кредиттік портфельдің ең көп үлесі: 17,8 % Сауда, 17,2 % Өндіріс және 31,8% Жеке тұлғалар саласына тиесілі.


Кредиттік портфель сапасы

2018 жылдың нәтижелері бойынша кредиттік қатер деңгейі айтарлықтай жақсарды. 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар заемдар үлесінің көрсеткіші 2019 жылғы 1 қаңтарда 5,6%-ды құрады (01.01.2018 ж. – 6,1%).

Банктің кредиттік портфелі бойынша ХҚЕС қалыптастырылған провизиялары бір жыл ішінде 13%-дан 12,2%-ға өсті. 90+ мерзімі кешіктірілген заемдарды резервпен жабу деңгейі - 224% құрайды.

Кредиттік портфельдің валюталар бойынша құрылымы

Валюталар тұрғысындағы кредиттік портфельдің құрылымы 2019 жылы едәуір өзгерді. Валюталар тұрғысындағы әртараптандыру деңгейі лайықты деп бағаланады, 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кредиттік портфельдегі ең жоғарғы үлес салмағы ұлттық валютада берілген заемдарға (83,8%) тиесілі. 2018 жылы АҚШ долларында берілген заемдар үлесі 36 %-ға төмендеп, Банктің жалпы кредиттік портфелінің 14,12%-ын құрады.



НАРЫҚТЫҚ ҚАТЕР

Нарықтық қатер — нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталары бағамдарының, қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнының жағымсыз өзгеруіне байланысты баланстық және баланстан тыс баптар бойынша қаржылық шығындардың пайда болу мүмкіндігі.

Банкте қатерлерді басқарудың стратегиялық үдерісінің негізгі бөлігі ретінде қаржы нарығындағы операциялардың нарықтық қатерлерін басқару мақсаты — Базель келісімі мен Қазақстан Республикасының заңнамасы қағидаларына негізделген қатерлерді басқару жүйесін құру.

Нарықтық қатер аясында Банк валюталық, пайыздық және баға қатерлерін бөліп қарастырады.

Валюталық қатер — банктің қызметін атқаруы кезінде шетел валюталары бағамының жағымсыз өзгеруі нәтижесіндегі пайда болуы мүмкін қаржылық зияны.

Банк шетел валюталарындағы ашық позициялардың болуына және нарықтық бағамдағы жағымсыз өзгерістерге байланысты валюталық қатерге бейім келеді. Лимиттер мен шектеулер жүйесі аясында Банк жиынтық ашық валюталық позиция лимиттерін, жеке шетел валюталарында ашық позиция лимиттерін және т.б. орнатады. Валюталық қатерді басқаруы үшін Банк қатерді сәйкестендіру, бағалау және лимиттеу үдерісін, сонымен қатар оның одан арғы мониторингі мен бақылауын жүзеге асырады. Банктің ашық валюталық позицияны басқару бойынша консервативті саясатының нәтижесінде валюталық қатер деңгейі төмен деп бағаланады.

Пайыздық қатер — активтер, пассивтер және баланстан тыс құралдар бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің жағымсыз өзгеруінен болатын қаржылық шығындардың пайда болу мүмкіндігі.

Пайыздық қатерді бағалау, өзгерту, бақылау және оған мониторинг жүргізу процедураларына келесілер жатады: пайыздық мөлшерлемелердің нарықтық

конъюктурасындағы өзгерістер динамикасын талдау және болжау, таза операциялық кіріс бойынша бақылау көрсеткіштерін белгілеу, таза пайыздық маржа мен спрэд мониторингінің жоспарлы көрсеткіштерін белгілеу, нарықтағы пайыздық мөлшерлеме деңгейінің өзгеруіне олардың сезімталдығына байланысты өтеу (қайта бағалау) көлемі мен мерзімі бойынша пайыздық активтер мен міндеттемелерді балансқа келтіру іс-шараларын жүргізу, хеджирлеу операцияларын жүргізу, пайыздық гәшке лимиттер белгілеу.

Баға қатері — қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнындағы жағымсыз өзгерістері салдарынан қаржылық шығынның пайда болу мүмкіндігі.

Сатуға жарамды бағалы қағаздар портфелі негізінен мемлекеттік бағалы қағаздардан, сондай-ақ корпоративтік бағалы қағаздардан тұрады, олардың эмитентінің рейтингі «В»-ден төмен емес (Standard & Poor's және (немесе) Fitch рейтинг агенттіктерінің топтастыруы бойынша) немесе шетелдік эмитенттер үшін «В2»-ден төмен емес (Moody's Investors Service рейтинг агенттігінің топтастыруы бойынша), сонымен қатар Қазақстан Республикасы эмитенттерінің БҚ үшін «В»-ден төмен емес (Standard & Poor's және (немесе) Fitch рейтинг агенттіктерінің топтастыруы бойынша) немесе «В2»-ден төмен емес (Moody's Investors Service рейтинг агенттігінің топтастыруы бойынша).

Нарықтық қатер деңгейін бақылау мақсаттары үшін Банк VaR, DVO1 сияқты қатер-метрикаларға мониторинг және бақылау жүргізеді, стресс-тестілеу өткізеді және т.б. VaR ықтималдылық деңгейі берілген белгілі бір уақыттың ішіндегі күтілетін қаржылық шығындардың максималды көлемін бағалауға мүмкіндік береді. DVO1 кірістің 1 базистік пунктке өзгеруі салдарынан болатын күн өзгерісінің орташа шамасын анықтайды. Стресс-тестілеуге ерекше, бірақ банктің қаржылық жағдайына мүмкін болатын оқиғаларға әлеуетті ықпал етудің бағалауы ретінде анықтама беруге болады.

Нарықтық қатерді басқарудың қолда бар құралдары Банкке тәуекел деңгейін оңтайлы төмен деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚАТЕР

Операциялық қатерді басқару Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына, банктік бақылау жөніндегі Базель комитетінің ұсыныстарына сәйкес жүзеге асырылады және операциялық қатерлерді басқару жөніндегі Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес анықталады.

Операциялық қатерлерді басқару қолданылатын технологиялардағы қызметті ұйымдастырудағы, ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуіндегі, қызметкерлердің дұрыс әрекет етпеулері және қателіктері, бизнес-үдерістерді дұрыс құрмауындағы кемшіліктердің нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың әсері нәтижесінде туындауы мүмкін шығындарға байланысты қатерлердің алдын алуға және/немесе төмендетуге бағытталған.

Банкте қызметтің кез келген бағытының операциялық қатерге ұшырау мүмкіндігіне байланысты операциялық қатерді басқару жүйесіне Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері, филиалдары мен қызметкерлері тартылған. Операциялық қатерді басқаруды олар өздерінің негізгі функцияларын орындаумен қатар жүзеге асырады.

Операциялық қатерді тиімді басқару және операциялық қатер шамасын есептеу

